

д>е, ffty ffie емщ мщ

А^уо40Ш м/\$ еШ ,

&л/>^ищ ЭаШ ы/иа/иш -/уу^мш яш е»


0 */нофмс(^ а к , (~г1иа#a/нш)



*Алтын
Қалам*

**«Дауға салса, алмастай қиған, ойға салса,
қорғасындай балқыған, өмірдің көз келген
орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байыр-
ғы, әрі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ
үшін бұ дүниеде ештеңе жоқ».**

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
Қазақстан Республикасының
Президенті**



(1920–1988)



Алтын
Қалам



ЖҰБАН
МОЛДАҒАЛИЕВ

Өлеңдер, поэмалар

Алтын
Қалам
Б А С П А С Ы
Алматы
2010

УДК 821.512.122
ББК 84 қаз. 7-5
М 66

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ
75 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА, ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ
20 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ
XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ОЗЫҚ ҮЛГІЛІ
КЛАССИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫ «АЛТЫН ҚАЛАМ» СЕРИЯСЫ
БОЙЫНША «САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ДЕМЕУШЛІК КӨМЕК КӨРСЕТУІМЕН
БАСЫЛЫП ШЫҚТЫ

Ақылдастар алқасы:

Нұрлан Оразалин – *төраға, жоба жетекшісі;*

Мүшелері –

Асылбекулы Серік, Әшімжан Жанарбек,
Есдәулет Ұлықбек, Жайлыбай Ғалым,
Қалиев Сұлтан, Құныпияұлы Кәдірбек,
Мәженқызы Райхан, Михайлов Валерий,
Оразбаев Иранбек, Сарыбалаұлы Бақыт,
Шаханов Берік, Шаштайұлы Жұмабай

Молдағалиев Ж.

М 66 *Өлеңдер, поэмалар/ Жұбан Молдағалиев. –*
Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2010. – 320 б.

ISBN 978-601-7130-83-1

Қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстанның Халық жазушысы Жұбан Молдағалиевтің бұл кітабына әр жылдарда жазған өлеңдері мен поэмалары еніп отыр. Азаматтық рухқа, тұнық сезімдерге толы өлеңдер бірінші бөлімге, кең тынысты поэмалар ~~екінші бөлімге топтастырылған.~~

УДК 821.512.122
ББК 84 қаз 7-5

ISBN 978-601-7130-83-1

© Молдағалиев Ж., 2010
© Қазақстан Жазушылар
одағы басқармасы, 2010
© «Ан Арыс» баспасы, 2010

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҚАЗЫНАСЫ

Уақыт – сыншы...

Уақыт – төреші...

Жұмыр бас пендеге Алладан бұйырған адамшылық ұлы қасиеттердің қай-қайсысы да сол төреші, сыншы уақыттың таразысына ілігіп, безбенінен аман өткенде ғана адамзат баласының игілігіне айналмақ.

Көркем сөз – адам баласына Ұлы Жаратушыдан бұйырған сондай айрықша қасиеттердің бірі.

Қазақтың әдебиеті өзінің арғы-бергі ұлы кезеңдерінде ұлт мерейін үстем етер, халқымыздың ойлау, пайымдау қабілетінің орасан кеңдігі мен ересен тереңдігін танытар жалпыадамзаттық биікке көтерілген көркем туындылар мен кемел тұлғаларға бай.

Өткен жылы Қазақстан Жазушылар одағының 75 жылдық мерейтойына орай, жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің озық үлгілі классикалық шығармаларының бір шоғыры «Алтын қалам» сериясы бойынша «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының демеушілік қолдауымен жарық көрген болатын.

Қара орман қазақ оқырманына жол тартқан айтулы серияның мақсаты мен мұраты – «алтын дәуір әдебиеті» атанып, ұлт руханиятын байыта түскен көркем туындыларды насихаттау, жаһандану жағдайында өмір сүріп отырған жаңа буын, жас ұрпақ санасының қалыптасуына ықпал ету. Ұлтымыз дамудың жаңа үлгілерімен бетпе-бет келіп, өркениет өрісі алуан-алуан мінез таныта бастаған бүгінгідей күрмеуі қиын, күрделі кезеңде ұлттық ойлау мен ұлттық болмысымызды сақтау үшін күресу ең басты нәрсе екенін естен шығаруға болмайды. Өйткені ұлт рухы мен ұлт тілі – бүгінгі таңдағы құндылық атаулының ең асылы.

Біздің халқымыз – Сөзді Кие тұтқан, сөзге тоқтаған, сөзбен жауының бетін қайырып, дүниелік құбылыстардың жақсы-жаманын екшеген, заманалар жігін айырып, Сөзбен өзінің тағдыр-талайын анықтаған халық. Өмір сүру салты мен дүниені тану қалпы да Сөз арқылы өрістеген. Соның нәтижесінде ондаған ғасырларға созылған көшпелі өркениет қалыптастырған ел басқару институттары мен үрдістері де осы Сөз дейтін киелі өнермен тікелей байланыста

болған. Ғасырлар бойы үзілмей, жалғасып келе жатқан Заратуштра мен Анахарсистің, Майқы би мен Тоныкөктің, Әбу Насыр әл-Фараби мен Қожа Ахмет Иассауидың, Махмұт Қашқари мен Жүсіп Баласағұнның, Мұхаммед Хайдар Дулати мен Қадырғали Жалайридің, Асан Қайғы мен Шалкүйдің, Ақтамберді мен Бұқар жыраудың, Махамбет пен Абайдың, Шоқан мен Жамбылдың рухына деген жалпыхалықтық құрмет пен махаббат соның айғағы.

Жаңа ғасыр айдынына тәуелсіз ел ретінде желкен жайып, сансапалақ тарихи оқиғалардың дауылы мен сүреңіне бой алдырмай, өркеніет өрінен өз үнімен, өзгеше даму үлгі-үрдісімен танылып, кең өрістен көрініп келе жатқан Қазақ Елі алдағы жылы өзінің егемендік туын көтергенінің жиырма жылдығын атағалы отыр.

Бұл – ұлттың ұлы байлығы.

Бұл – ұлттың мәңгілік өмірін қамтамасыз ету жолындағы ерлік пен өрлікке, намыс пен жігерге, күреске толы жылдар.

Халықаралық беделі аса зор Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық жасау міндетін абыроймен атқарған Алаш жұрты осынау тарих көзімен қарағанда мейлінше қысқа көрінетін уақыт аралығында өзінің елдік тағдырын анықтайтын саяси-экономикалық реформалармен қатар, рухани кеңістігімізді жаңа айдындарға алып шығар батыл-батыл қадамдарды жасады. Әсіресе ұлттың тарихи жадын бекітіп, санасын оң жолға бағыттауда айрықша роль атқарған «Мәдени мұра» бағдарламасын ерекше бөліп айтуымыз керек.

Қазақ әдебиеті – әлемді толық танып қана қоймай, қазақ халқының бай рухани қазынасын әлемге лайықты түрде танытқан, танытып келе жатқан үлкен әдебиет, қазыналы, бай әдебиет.

Сондықтан да дүниенің өтпелі екенін сезіне отырып, мәңгілікпен қатар тұрып, терезесін тең ұстап сырласу, ой толғау, заманға сөз арнау, адамдар жүрегіне жол іздеу тәрізді сөз сиқырының құдіретті көркем тәсілдерін еркін игерген қазақтың көркем әдебиеті жиырма бірінші жүзжылдыққа шаңырағы шайқалмай, жиған-тергенін шашпай-төкпей жетіп отыр.

Бұл – ұлттың теңдесі жоқ ең ұлы рухани қазынасы.

«Самұрық-қазына» ұлттық әл-ауқат қорының қолдауымен оқырман қолына тигелі отырған 2010 жылғы «Алтын қалам» сериясының жалғасы сол пікіріміздің дәлелі.

Нұрлан ОРАЗАЛИН,

Ақылдастар алқасының төрағасы, жоба жетекшісі,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты



I бөлім

Өлеңдер



АНКЕТАМА ҚОСЫМША

I

Жыл екен жақсылығы жырда қалған;
Күн екен жарты әлемді нұрға малған.
Зар жылап, жұбанышқа зарыққан Құл
Құдайдан бір перзентті ұрлап алған.

Той бопты ұлан-асыр Жыландыда,
Сойыпты байталды да, құнанды да.
Ақсиып әр қазанда қойдың басы,
Бал қымыз саба-саба, бұланды о да.

Қаужаңдап бір тойыпты қарыны аштар,
Ағылған ақын, әнші дарыны асқар.
Белдесіп балуандар, бәйге қызып,
Құмардан шыққан туыс-қарындастар.

Қыздары құйқылжыған жорға мініп,
Кетіпті көп жігітті орға жығып.

Арулар айығыпты сырқатынан,
Алла емес, адам заңы қорғап ілік.

Басқа жер жылады ма, жұбанды ма,
Шаттықта шек болмаған Жыландыда.
Бақырып басына елді бір көтеріп,
Дүниеге келген сөйтіп Жұбан мұнда.

Жә, жетер, жайла, Жұбан, ұял енді,
Мұндай той кейін туған қиял еді.
Сен емес, бір ханзада жарық көрсе,
Шындыққа бұл да, бәлки, сыяр еді.

Сенен де, сыншы достым, сұранамын:
Ақынның, кешіре гөр бір амалын.
Сирақтан тартып жатсаң «жерге түс» деп,
Салбырап көкте қалай тұра аламын?

Ойлашы, немді айтамын прозамен?
Оллаһи, өзіме онша разы емен.
Сондықтан жабыстым жыр қанатына,
Көтеріп тастасын деп біраз өлең.

II

Әлқисса, ал басталды өмірбаян,
(Секілді салған салық о бір маған.)
Әкемнің аты аспапты өз аулынан,
«Құл» деген руым тек өңірге аян.

Білмеймін неге бұлай аталғанын,
Құлдыққа кімнен қайыр-бата алғанын.
Адам ба, Алласы ма жарылқаған?
Жазбапты шежіреде атам халін.

Ұқты ма ханға қара тең келмесін,
Өзге атты әлде өзінің меңгермесін.
Әйтеуір құлдар бұғып жүре берген,
Өсті тек мәртебесі мен келгесін.

Ғафу, дос, тағы, бәлки, артық кеттім,
Өзіме күш-құдіретін артып көптің.

Дәуірдің өзінше айтып, өзі болып,
Келеді кереметті қарпып кеткім.

Мен — Жұбан төрт баланың кенжесі едім,
(Көргем жоқ шабылғанын мен десе елдің.)
Қаспаққа қасарысып таласам деп,
Кенет бір сырын аштым кем-кеселдің.

Ағамның болды мүлде сөзі басқа:
«Баланың ашта туған — көзі аста...»
Сарт етті миыма кеп осы мақал,
Жатқандай қаспақ қырып өзі баста.

Жанардан ыршып шықты жас шынымен,
Жалғасып жан дүниемнің ащы үнімен.
«Бас қайғы байтал түгіл» дегендей-ақ,
Туыппын аты шулы аш жылы мен.

Ел тұрсын өз үйімде той болмаған,
Соятын құнан қайда, қой болмаған.
Әйтеуір Жұбаныш деп ат қойыпты,
(Ал менде жұбатудан ой болмаған.)

Ұзамай өліпті әкем Молдағали,
Бола алмай ол да молда, ол да Ғали.
Шырылдап жатыппын мен, құтсыз бөбек,
Обадан қырылғанда ондаған үй.

Ақыры жалғыз қалдым баладан да,
Бір мені бірегейге санаған ба?
Қаспаққа ортақ ауыз болмасын деп,
Жасаған жағдайыма қараған да...

Анашым — аты Зеріп — беріде өлді,
Ұлына сүтін, күшін беріп өлді.
Әйелдің алдияры, ақсұңқары,
Аптапқа, аязға да берік еді.

Жарықтық ұлға да ана, Құлға да ана,
Әке де өзі болды тұл балаға.
Жасасып жаңа өмірді туған жерде,
Жағысып кетті жарқын нұр далаға.

Кешқұрым жырлап қазақ дастандарын,
Жаныма шашып еді жастан жалын.
Тежеусіз тоя ішкенім өлең болды,
Сол еркін жамылғаным, жастанғаным.

Ақындық жұқса, жұқты сонда маған,
Жыр жайлы ойланды алғаш ондағы адам.
Қалды іште, сыртқа шықпай бірер шумақ,
Ешбір қол өңдемеген, ондамаған:

«Көрінген сонау жердің қиығы екен,
Жалғыздық, әкесіздік қиын екен...»
Жасырдым бұл сырымды анамнан да,
Кеудеме өлең нұрын құйып өткен.

III

Қанша жол, қанша тағдыр, қанша арман
Басталды, шіркін, біздің комсомолдан?!
Басы сол менің өмірбаянымның,
Өткізген күрес, майдан, қансонардан.

Тұрғандай қолыма ұстап ерке таңды,
Толтырдым сонда тұңғыш анкетамды.
Жаздым мен «Мың тоғыз жүз жиырма» деп,
Тебірендім, сия сірә әнтек тамды...

Әрісі, берісі не бірер айдың?
Ер жетсем ерте, бәлки, келер айбын.
Жазылды содан бері қанша қағаз —
Жабсаң ше, жасырынар нелер айдың.

Қылтиып суреті де тұр басымның...
Сонымен республика құрдасымын.
Басқаның өлер жылдан бәрі алдыңда,
Аз десең анкетаны, жырда сырым.

Сыры бұл аңқылдаған бір жүректің,
Суы емес құр сұлдердің, былжыр еттің.
Өзінше оты да бар, қаны да бар,
Келмейді былдырлағым, бұлдыр еткім.

Білмеймін бөлінуді, ру заңын,
Білемін бір жатақта тұру заңын.
Ұлына Отан-ана болса риза,
Мен оған өле-өлгенше ризамын.

Нұрлы да туған елден ұлы да ел жоқ,
Қалайша жыр етермін мұны селсоқ?
Мен үшін бұл дүниеде, күн астында
Құп-құйттай өз үйімнен жылы жер жоқ.

Жар да жоқ Софьямдай жер бетінде,
Жел болып бір тимеген ел бетіне.
Қуаныш, Қуандығын, Азаматын
Ананың сусындатқан шербетіне.

Гүльмирам — алтын қызым, бота көзім,
Танытар дала кейпін, ата көзін.
«Папа» деп мен айтқам жоқ, айтады олар,
Қызыққа, қызғанышқа батам өзім.

Төрт перзент — үш жас бүркіт, ерке елік,
Бір кезде біз де осындай төртеу едік.
Жоқ, жоқ, жоқ, бұл төртеудің тағдыры өзге,
Біз болсақ бұлар үшін ерте келдік.

IV

Өскем жоқ құран оқып, құдай танып,
Ғашық та болған емен ұдай талып.
Ел, ана — биік ұғым өз алдына,
Сүйгенім — өлең ғана құлай тауып.

Сұлуға сұқтанғам жоқ азайын деп,
Сыр тарттым махаббатты жазайын деп.
Іздедім шараптан да жырға жалын,
Тапқан аз, тартқан, бәлки, сазайым көп.

Жол бар ма жөні келсе бұрылмаған?
Жолаушы аз шөл, аязға ұрынбаған.
Бірде бұлт, бірде күнгей Алатау да
Дүниенің ұқтырғандай сырын маған.

Мен үшін асқақ мұрат өкілі өлең,
Жазамын жүрегімнің өкімімен.
Өтсем тек адам болмай, әулие боп,
Өмірге келгеніме өкінер ем.

Ешқашан елден оқшау жүрмедім мен,
Тәж-тақ та іздемеймін жер-көгіңнен.
Ақын аз, ақын болып күнелткен көп,
Сақтасын сондай көптің дүрмегінен.

Теңізін дауылда да сағалаған,
Ақынның айырымы не шағаладан?
Өлеңді о дүниеге апармаймын,
Бәйекпін қалдырсам деп саған, адам.

V

Жыланды – ат шаптырым жердің аты,
Шыққан жоқ ол арқылы елдің аты.
Жыланды – күміс канал, жаңа өзен,
Тербейді, толқытады жел қанаты.

Жыланды жайраңдайды, жыланбайды,
Жоғалды жылан зәрі, лаң қайғы,
Шағысып атар таңмен, батар күнмен,
Жыланды қылаңдайды, сылаңдайды.

Талайды таңырқатты, табындырды,
Шалқыған көк теңіздей шабындығы.
Ішіне түскен жаяу шыға алмайды,
Мені де сабылдырды, шабылдырды.

Жоқ енді жер-су дауы, барымтасы,
Еңбек, жыр, ұрпақ қамы – бар ынтасы.
Той да көп, тоят та көп – қайтып жатыр
Аш жылы туғандардың қарымтасы.

Сонымен білмек болса Жұбанды кім,
Өлеңде, өмірде де Жұбан бүгін –
Құлы да қожайыны ұлы елдің,
Тұрақты өкілі әрі Жыландының.

1969 ж.

ТУҒАН ЕЛГЕ

Қазақстан!
Сүйікті
Туған үй, туған елімсің,
Асық атып, доп қуып,
Асыр салған жерімсің.

Бөленіп гүл мен нұрыңа,
Бағында ойнап күлгенмін.
Таңында сайрап бұлбұлға
Ән қосып жырлап жүргенмін.

Сен есіме түскенде
Көңілім бұлттан ашылып,
Тасиды жаңа күш менде,
Жабыққаным басылып.

Сен есіме түскенде,
Құшағын анам ашқандай.
Жауыма қарсы өшпенде
Шабамын оқтан жасқанбай.

Ойымнан, сірә, қалмайсың,
Жүрсем де майдан төрінде.
Жүректің отын жалғайсың
Жеңістен соңғы өмірге.

Туады сол күн біздерге,
Дұшпанды жеңіп келеміз.
Күлімдеп қарап жүзіңе,
Бауырыңа еркін енеміз.

1942 ж.

БІР БАССАҢ ДА, АЛҒА БАС!

Өжет елдің жігіті
Өшін алмай шыдар ма?
Кескілескен дұшпанын
Кесіп түспей тынар ма?

Тайынба, жолдас жауынгер,
Ел тағдыры қолыңда!
Тайынбасаң оқ пен от
Бөгет болмас жолыңа!

Халықтың ыза-кегінен
Сауыт киіп сан қабат,
Жай түсір жаудың шебіне,
Жауызды өлтір, саңлақ ат!

Қапы қалма, құтқарма,
Қырылсын дұшпан, қырылсын!
Өздері қазған орына
Өздері мерт боп жығылсын!

Қасқия шап, қарсы бар
Өмірдің нұрлы таңы үшін!
Бір бассаң да, алға бас,
Миллиондардың бағы үшін!

1942 ж.

ҚАЗАҚ

Майданның алғы шебінде
Жолықтым сотқар солдатқа.
Айқасты талай
Тегінде,
Салғандай сірә ол да артқа.

Қара сұр, қатал пішінді,
Жазық жаурын, сом дене.
Омырауында қос орден,
Көз тартпасын ол неге?

Таныдым:
Қазақ —
Сар дала.
Сөйлесу болды құмарым.
— Кімсің? — деп бірақ сонда да,
Орысша сөйлеп сұрадым.

Оқтай өткір көзімен
Қадала маған қарады.
— Қазақ! — деді
— Сол болды барша жауабы.

— Қайдағы, — дедім, — қазақсың?
(Қай жерден келдің дегенім.)
Естілді сұрақ мазақша,
Ұқпады жігіт не мені.

— Кескініңе қарасам,
Жөн білгендей адамсың.
Қазақты әлі білмейтін
Қайдан шыққан надансың? —

Деді солдат ызғарлы,
Шытынай сөйлеп, өктемдей.
Сөзі де отты көзіндей,
Өңменді тесіп өткендей.

— «Қазақ» деп сонша шіреніп,
Менменсіп неге сыздайсың.
Баста алға, бірге жүрелік,
Жөніңді айт, жігіт, қызбай, шын.

— «Қайдағы қазақ» дегенге
Ызамын, қайран қаламын.
Білмейтін бар ма ел-елде
Ер халқын байтақ даланың.

Алдында ажал тұрса да,
Қаймықпаған, қайтпаған,
Әр сөзі анттай құрсанған,
Ешқашан екі айтпаған,
Өмірін құрбан етсе де,
Намысын жауға сатпаған.

Атаның ерлік дәстүрін
Арындай биік сақтаған,
Анасының ақ сүтін
Кіршіксіз адал ақтаған
Кім еді, сен білемісің?
Ол — қазақтың баласы.

Ел шетіне жау тисе,
Қасқая қарсы шығатын,
Көш құлаш көк сүңгісін
Көкіректен сұратын,
Қаусатып дұшпан ордасын,
Көтерген туын жығатын,
Қадалған жерден қан алған,
Қанын сығып жан алған
Кім еді, сен білемісің?
Ол — қазақтың баласы.

Күн күзетіп, түн қатып,
Азаттық үшін алысқан,
Дауылда туын шулатып,
Ер қасына шанышқан,
Исатай, Махамбеттердей
Ұл туған халық, кім еді?
Білмесең, бауырым, біл енді:
Ол — қазақ, менің ер халқым.

Ботадай көзі мөлдіреп,
Жандыра жанды қараған,
Үлбіреп өңі, өндірдей,
Он өріп шашын тараған,
Қиын-қыстау заманда
Ел қорғауға жараған
Қыз өсірген кім еді?
Ол — қазақ, менің ел-халқым.

Қиқулап қырдан шапқанда
Құлдырап, құстан озатын,
Шапқан сайын ақпандап,
Тізгінін керіп созатын,
Атойлап ұран салғанда
Делебесі-ақ қозатын
Арғымақ етіп ат мінген
Батырды көрген кім еді?
Ол — қазақтың ер елі...

Қару ұстап қолына,
Азаттық үшін аттанып,
Ұлы Октябрь жолына
Шақырып, дабыл қақты алып.

Сол алып — орыс халқымен
Қоян-қолтық бірлесіп,
Оянып Ленин даңқымен,
Туына оның ілесіп,
Тұрмыстың қара түндігін
Нұрымен таңның тілді кім?
Таныды сөнбес күнді кім?
Күндей сол нұрлы күлді кім?
Қазақ та соның біреуі.

Өткенді, достым, білмесең,
Білерсің, бәлки, жаңаны.
Қазақты жақсы таниды
Жаудың да енді адамы.
Қазақтың да қиқуы
Советтік ерлер сапында
Жаңғырықтырды даланы,

Жаудан ол кегін алады,
Берлинге де барады.
Атақты қызыл офицер
Айқаста пісіп, сыналған,
Айлалы, әрі айбарлы,
Ақылы биік шынардан,
Сан шайқаста қол бастап,
Талқанын жаудың шығарған,
Өжет ері Отанның,
Қаһарлы, қайсар, қаһарман
Момышұлы Бауыржан,
Ол да — қазақ бал асы.

Қан сасыған ұрыста
Қаймықпаған, саспаған,
Шыңдалып отта құрыштай,
Ерлерді алға бастаған.
Батыр Мәлік Ғабдуллин,
Ол да — қазақ баласы.

Қырғидай тиіп жауына,
Күн-түні дамыл бермеген,
Аранын ашқан ажалдан
Айылын жиып көрмеген,

Екі жүз алпыс фашисті
Жоқ қылған, көрсіз «жерлеген»
Атақты мерген, ер кеуде
Әбдібеков Төлеу де —
Бел баласы қазақтың.

Бізде мұндай өрендер
Біреу емес, мыңдаған.
Сыймайды олар өлеңге,
Болар ең қанша тыңдаған?
Ұлы Отан соғысы
Жеңіспен тынған кезінде,
Шежіре, дастан тоғысып,
Оқырсың бәрін өзің де.

Әрбір оғын
Жауының
Жүрегіне қадалтқан,
Қара темір құрсанған
Танкті де қиратқан,
Батылды да білерсің,
Бір өзі жүзбен шайқасқан
Батырды да білерсің.

Қазақтың мен де бірімін,
Сүйемін туған халқымды.
Досқа — құл,
Жауға ірімін,
Білемін, ия, нарқымды.

Ұлымды мақтан етемін.
Дұрыс па мұным, бұрыс па?
Бөгелдім, ойбай, кетейін,
Кіремін тағы ұрысқа.

Ал өзің кімсің, ағайын, —
Деп тынды жігіт, декпірлім.
— Мен де сендей Қазақтың
Баласымын, — деп күлдім.

— Түсіндім, — деді — сырыңды:
Сыр тартып ептеп, сыналап,

Сен, журналист жырынды,
Болғансың мені сынамақ.

— Сендейден халық
Үмітті.
Ұлы бол елдің, қазақтың, —
Деп құшақтап жігітті
Ұрысқа қайта ұзаттым.

— Қазақтан қазақ туады, —
Деп кетті жүре тіл қатып.
Ойы отты, аузы дуалы
Жан екен жырға бұл қатық.

Болды-ау деп уақыт аз-ақ тым,
Өкініп кейін аттандым.
Мен де бірі қазақтың
Болғаныма мақтандым.

1943 ж.

ОТАН

Сенсің, Отан, қан майданда
Сиынарым, ұраным.
Күні-түні, әрқайда да
Сені көріп тұрамын.

Түн түндігін түріп ашып,
Түнекті сен серпесің.
Алтын таңның нұрын шашып,
Көңіл күйін шертесің.

Қиял құсы асып шыңнан
Шырқап қанат қағады.
Сенен аспай, асса да одан,
Бір өзіңді бағады.

Бір өзіңде, кең кеудеңде
Соққандай өз жүрегі.

Өрендерің сен дегенде,
Өлімге де жүреді.

Сенің досың — менің досым,
Саған қастар — маған қас.
Үйде болсын, түзде болсын,
Мен өзіңмен тағдырлас.

Сен қуансаң, мен қуанам,
Бірге өткізем күзіңді.
Өз жүзіңнен, ұлы анам,
Көремін өз жүзімді.

Көрген сайын, білемін мен
Қадірің де артады.
Махаббатты жүрегімнің
Таразысын тартады.

Тіршілік жоқ сенсіз маған —
Тынысымсың, жанымсың.
Басқа кімге сенсін балаң,
Басқа кімге жалынсын?

Шабарда да жаудың шебін,
Түспейсің сен ауыздан.
Қандырасың жанның шөлін,
Кек әперіп жауыздан.

Сенсің, Отан, майдандарда
Сиынарым, ұраным.
Күні-түні, әрқайда да
Сені көріп тұрамын.

1914 ж.

АНА БАТАСЫ

Дүбірлетіп дауылдай
Долы майдан даласын;
Азат етті бауырлар
Бір белорус қаласын.

Жетті аман жас қазақ
Өз үйіне жеткендей.
Жанарында жас ғажап,
Жаны балқып кеткендей.

— Ұлым, — деді бір кемпір,
Керіп ашып құшағын, —
Кел, бетіңді бір келгір,
Құшырлана құшайын...

Өз баласын көргендей:
— Неге, — дейді, — кешіктің?
Өмір қалды жөргемдей,
Өтті бастан нешік күн!

Ақ шашым да жұлынды,
Тұсасын жауды әр талы.
Қабырғам да сылынды,
Жер қойнына тартады.

Жоқ, жазылам дертімнен,
Өзің бердің бір емін.
Өз шешеңдей бертінде
Тілекшің боп жүремін.

Жолың болсын әрқайда,
Ақ батам бұл — ала бар.
Сені күтіп сарғайған
Алда талай ана бар...

«Құп!» деп құшып жас қазақ
Қош айтысып жөнелді.
Тарт Берлинге, бас, қазақ,
Жар болсын тек жол енді!